

Бұрынғы Семей ядролық сынақ полигонының жерін запастағы жер қорының құрамына беру туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысы 1996 жылғы 7 ақпан N 172

Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасының Жер қатынастары және жерге орналастыру жөніндегі мемлекеттік комитетінің бұрынғы Семей ядролық сынақ полигонының жерін қосымшаға сәйкес Қарағанды, Павлодар және Семей облыстарының запастағы жер қорының құрамына көшіру жөнінде Қарағанды, Павлодар және Семей облыстарының әкімдерімен, Қазақстан Республикасының Экология және биоресурстар министрлігімен, Ауыл шаруашылығы министрлігімен, Экономика министрлігімен келісілген ұсынысы қабылдансын.

2. Қазақстан Республикасының Үкіметі ауыл шаруашылығының, өнеркәсіптің мұқтажды және басқа мақсаттар үшін ядролық жарылыс жүргізілген запастағы жерлерді жеке меншікке немесе жер пайдалануға беру Тәртібін бекіткенге дейін, осы қаулының 1-тармағына сәйкес, запастағы жер қорына көшірілген жерлерден жер учаскелерін аталған мақсаттар үшін тек Қазақстан Республикасының Жер қатынастары және жерге орналастыру жөніндегі мемлекеттік комитетімен, Экология және биоресурстар министрлігімен, Ауыл шаруашылығы министрлігімен және Қазақстан Республикасының Ұлттық ядролық орталығымен келісілген соң тиісті облыстардың әкімдері береді деп белгіленсін.

Қазақстан Республикасының Жер қатынастары және жерге орналастыру жөніндегі мемлекеттік комитеті, Экология және биоресурстар министрлігі, Ауыл шаруашылығы министрлігі және Ұлттық ядролық орталығы 3 ай мерзімде аталған Тәртіпті Қазақстан Республикасы Үкіметінің бекітуіне енгізетін болсын.

3. Қазақстан Республикасының Ұлттық ядролық орталығы Қазақстан Республикасының Жер қатынастары және жерге орналастыру жөніндегі мемлекеттік комитетімен бірлесе отырып Қазақстан Республикасы Ұлттық ядролық орталығының жер учаскелерімен жер пайдалану құқын, санитарлық-қорғаныштық аймақтар үшін пайдаланылып отырған және тікелей ядролық жарылыс жүргізілген орындардың жерлерін қоса отырып, оның балансындағы салынған үйлер мен ғимараттарды беруі жөнінде ұсыныс әзірлеп, оны Қарағанды, Павлодар және Семей облыстары әкімдерінің қарауына енгізсін.

4. Қарағанды, Павлодар және Семей облыстарының әкімдері ядролық

қару сынау жүргізілген және радиациялық ластанған запастағы жерлерді

қорғау мен оның пайдаланылуына бақылауды ұйымдастыру жөнінде қажетті шаралар қабылдайтын болсын.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
1996 жылғы 7 ақпандағы
N 172 қаулысына
ҚОСЫМША

Бұрынғы Семей ядролық сынақ полигонының жерін
запастағы жер қорының құрамына
КӨШІРУ

мың гектар

Жерлері бұрынғы Запастағы жер қорының құрамына көшірілетін жер						
Семей ядролық учаскелерінің аумағы						
сынақ полигонының _____						
пайдалануында бар. оның ішінде						
болған аудандар. лығы _____						
дың атауы ауыл шаруа. одан басқа						
(52605 әскери шылығы _____да жер						
бөлім) алаптары егістік шабындық жайылым алаптары						

Қарағанды облысы

Қазыбек би ауданы 131,7 100 - - 100 31,7

Павлодар облысы

Май ауданы 706 615,3 21 2 592,3 90,7

Семей облысы

Абралы ауданы 899,3 593,1 - 10,3 582,8 306,2

Жаңасемей ауданы	79,6	54	-	-	54	25,6
Семей облысы						
бойынша						
қорытындысы	978,9	647,1	-	10,3	636,8	331,8
Бұрынғы Семей						
ядролық сынақ						
полигоны бойынша						
барлығы	1816,6	1362,4	21	12,3	1329,1	454,2